



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАНҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№80 (10480) 14 ҚАЗАН, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

• ҚЫСҚА-НҮСҚА

МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАҢА АВТОБУСПЕН ТОЛЫҚТЫ

Маңғыстау аудандық мәдениет үйінің автопаркі жаңа 52 орындық автобуспен толықты. Аудан әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бұл көлік шығармашылық ұжымдардың аудан және облыс көлеміндегі іс-шараларға еркін қатысуына мүмкіндік береді.

ТҰРҒЫН ҮЙ КҮТІМІ

Ақтау әкімдігінде қала әкімінің орынбасары Бауыржан Есеновтің төрағалығымен көпшәрілік тұрғын үйлердің инженерлік және коммуналдық жағдайын жақсарту мәселелеріне арналған штабтың кезекті отырысы өтті. Жиын барысында тұрғын үйге қызмет көрсетуші мекемелердің тұрғындармен өзара тығыз байланыста жұмыс істеу қажеттігі атап өтілді.

ӘСКЕРИ ЖӘРМӨҢКЕ ӨТТІ

Маңғыстау облысындағы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастамасымен әскери қызметке қабылдау бойынша бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңке қорытындысы бойынша шамамен жүз адам әскери қызмет туралы толық мәлімет алды. Оның ішінде 20 адам келісім шарт бойынша, ал тағы 15 азамат мерзімді әскери қызмет өткеруге ниет білдірді.



МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНЫҢ
ІРІ ЖОБАЛАРЫНА ОТАНДЫҚ
ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ ЕЛ
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫН-
ДА ШЕШУШІ РӨЛ АТҚАРЫП, ЖАҢА
ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН АШУҒА
ЖӘНЕ НАРЫҚТА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ӨНІМНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ
БОЛУЫН АРТТЫРУҒА
ЫҚПАЛ ЕТЕДІ.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНДІРІС – ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ТІРЕГІ

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасына сәйкес қазақстандық қамту үлесін ұлғайту және тауарлар өндірісін локализациялау – негізгі басымдық қана емес, сонымен қатар стратегиялық міндет. Бүгінде мемлекет отандық өндірушілерге импортпен бәсекелесіп қана қоймай, мұнай-газ жобалары үшін тиімділігі жоғары шешімдер ұсына алатындай деңгейде болуына жағдай жасап келеді. Соның



бір дәлелі – Ақтау қаласында өткен «Мұнай-газ машина жасау форумы және Операторлардың ашық есік күні».

Форумның басты мақсаты – елімізде мұнай-газ жабдықтары өндірісін құру мақсатында қазақстандық бизнес пен ірі операторлардың бірлестіктерін құру, шетелден мұнай-газ машиналарын жасау бойынша кадрлар мен технологияларды тарту және өндірісті ұйымдастыру.

» 2

• БҮГІНГІ САНДА

ОНЛАЙН САУДА ОПЫҚ ЖЕГІЗБЕСІН



Әрине, тұтынушы үшін үйден бір адым аттамай тауарға немесе қызметке тапсырыс беру және тездетіп алу ыңғайлы. Алайда электронды сауданың өзіндік кемшіліктерін де жоққа шығаруға болмайды.

» 3

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫНЫҢ СЫРЫ



Маңғыстау өңіріне мемлекет және қоғам қайраткері, тіл жанашыры, отбасы құндылығын насихаттаушы Оразкүл Асанғазықызы келді. Ол жергілікті халықпен кездесіп, тіл мәселесі және отбасының берекесі тақырыптарында дәрістер оқыды.

» 7

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ІШКІ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ТЕТІК – ДІНИ САНА МЕН РУХАНИ ИММУНИТЕТТІҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ. БҰЛ БАҒЫТТА МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ ТАРАПЫНАН ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛІП КЕЛЕДІ. СЕБЕБІ РАДИКАЛДЫ ДІНИ ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ЫҚПАЛЫНА ТҮСУ НЕМЕСЕ ТЕРІС АҒЫМДАРДЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТУ – ТЕК ЖЕКЕ АДАМНЫҢ ЕМЕС, ТҰТАС ҚОҒАМНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ҚҰБЫЛЫС. СОНДЫҚТАН ДА ОСЫндай КАТЕРЛІ БАҒЫТТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ІСІНДЕ ТЕОЛОГТЕР МЕН ДІНТАНУШЫЛАРДЫҢ, ПСИХОЛОГТЕР МЕН АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНДІРУ ТОПТАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ АЙРЫҚША.

Осы мақсатта Ақтау қаласында теология саласындағы маңызды іс-шаралардың бірі – «Оналту – 2025» республикалық конференциясы өтті. Конференцияны Маңғыстау облыстық дін істері басқармасы ұйымдастырды. Іс-шараға Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Тілеген Әбішев, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Қызылорда облыстарының дін істері басқармаларының өкілдері, Қазақстан мұсылмандары дін басқармасының мүшелері, теологтер, психологтер мен дінтану саласының сарапшылары қатысты.

Мамандардың пікірінше, радикалды идеологиямен күресте ең бастысы – адам санасында дұрыс дүниетаным қалыптастыру. Сол үшін теологтер мен психологтер деструктивті ағымдарға еріп кеткен азаматтармен жеке кездесулер өткізіп, олардың діни түсінігін түзету бағытында оналту жұмыстарын жүргізуде. Бұл бағытта Маңғыстау облысында да нақты нәтижелер бар:

бірқатар азаматтар теріс ағымнан бас тартып, қоғам өміріне қайта бейімделіп келеді.

– Бүгінгі жиынның басты мақсаты – өзге діни ағымдардың ықпалына түскен жастармен жұмыс жүргізу және оларды дұрыс бағытқа бейімдеу. Осы мақсатта өзімізде «Айрақты» қоры құрылды. Қазіргі таңда теріс діни идеологиялар интернет желілері арқылы жастардың санасына кері әсерін тигізуде. Сол себепті теологтер мен психологтердің қатысуымен осындай конференция ұйымдастырылып отыр. Бұл шараның маңызы зор, – деді Тілеген Әбішев.

Жалпы «Оналту 2025» конференциясы елімізде дін саласындағы мемлекеттік саясатты нығайтып, теологиялық тәжірибе алмасуға және радикалды идеологияға қарсы иммунитетті күшейтуге бағытталған маңызды қадам. Бүгінде елімізде діни сауаттылықты арттыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру топтары жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді.

» 4



БЕРЕКЕЛІ ЕЛДІҢ СӨРЕСІ ТОЛЫ

ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БҮРОСЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒА ИНДЕКСІ МЕН ОРТАША БАҒАЛАРЫН ЖАРИЯЛАДЫ. СОҢҒЫ ДЕРЕКТЕРГЕ СӘЙКЕС ЕЛДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ ӨТКЕН ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ОРТА ЕСЕППЕН 12,6%-ҒА ӨСКЕН. БҰЛ КӨРСЕТКІШ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҰТЫНАТЫН ӨНІМДЕРІНІҢ БІРҚАТАРЫНА АЙТАРЛЫҚТАЙ ӘСЕР ЕТКЕНІН АҢҒАРТАДЫ. БАҒА ӨСІМІНІҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЫНДА ЕТ ПЕН МАЙ ТҰР.

Қыркүйек айында жарияланған статистикаға сүйенсек, елімізде ет және ет өнімдерінің бағасы 19,1 пайызға, сүт өнімдері 9,5 пайызға, май және тоң май 19,5 пайызға өскен. Бұл өсім күнделікті ас дайындауда ең көп қолданылатын өнімнің отбасы бюджетіне айтарлықтай салмақ түсіретінін көрсетеді. Жалпы алғанда, қымбаттаудың негізгі бөлігі ақуыздық өнімдер мен майға тиесілі болып отыр. Бұл – отбасылық шығын құрылымында азық-түліктің ең маңызды бөлігін қамтитын тауарлар. Ал көмірсуларға негізделген өнімдер – ұн, нан секілді тауарлардың бағасы басқа тауармен салыстырғанда тұрақты. Ұлттық статистика бюросы жариялаған дерекке сәйкес елдегі қымбатшылық ет, май және кейбір жарма өнімдерінің бағасынан байқалады.

» 4